

**Ақмола облысының Сілеті аудандық сотын, Ақтөбе облысының Исадай аудандық сотын, Жамбыл облысының Шу қалалық сотын және Талдықорған облысының Бөрлітөбе аудандық сотын тарату туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 3435

Ақмола облысының Сілеті ауданының, Ақтөбе облысының Исадай ауданының, Талдықорған облысының Бөрлітөбе ауданының таратылуына және Жамбыл облысының Шу қаласының аудандық маңызы бар қалалар санатына жатқызылып, оның Жамбыл облысының Шу ауданының құрамына енгізілуіне байланысты қаулы етемін:

1. Мыналар таратылсын:

- 1) Ақмола облысының Сілеті аудандық соты;
  - 2) Ақтөбе облысының Исадай аудандық соты;
  - 3) Жамбыл облысының Шу қалалық соты;
  - 4) Талдықорған облысының Бөрлітөбе аудандық соты.
2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті